



10 АҚПАН
СӘРСЕНБИ
2021 ЖЫЛ

№6 (57)

✉ aqiqatarna@gmail.com • РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТ

ЗАҢ
КОНСУЛЬТАНТ-
ТАРЫНЫҢ
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ
ҚАЖЕТ



4-бетте →

ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ
ЗАҢҒАР
ЗАҢҒЕРІ ЕДІ



6-бетте →

«СҰҒАНАҚ СҰР»
ҚАЙДА ЕКЕН?



7-бетте →

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ҚАЗАҚСТАН — ДАРЫНДЫ ЖАСТАР МЕКЕНІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысына қатысты. Президент ел тарихындағы елеулі мереке кезінде құр даңғазаман мен ысырапшылдыққа жол беруге болмайтынын, әрбір шараны елге пайдасы тиетін нақты істерге ұластыру қажет екенін баса айтты.

Тұтас мемлекетті қамтитын ауқымды іс-шараларды өткізген кезде айқын көзқарас, нақты ұстаным болуы шарт екенін, өйткені өнімдердің бәрі орталыққа бейімделіп жұмыс істейтін ескерткен Қасым-Жомарт Тоқаев: «Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тек мерейтой деп санауға болмайды. Ең алдымен, бұл тарихи уақиғаның идеологиялық тұрғыдан қарауымыз керек», — деді. Мемлекет басшысы қазір заман басқа, адамдардың сана-сезімі айтарлықтай өзгергенін, оған қоса, бүгінде барша әлем жұртшылығы күрделі кезеңді бастан өткізіп жатқанын айтты. Қаржыны оңды-солды жұмсап, ұлан-асыр той жасайтын уақыт емес екенін, тиімсіз форумдар мен конференциялар өткізілудің қажетті жолына қалай тартып жеткізген Президент, ең алдымен халықтың әлеуметтік жағдайына баса мән беру керектігін, елдің тұрмысы түзелмесе, жетістіктері мекені етудің қажеті жоғын атап айтты: «Тәуелсіздіктің іргілерінен әрбір отандастымыз күнделікті тіршілікте сезіне алатын болса — мақсатымыздың орындалғаны», — дей келе — экономикалық, саяси және әлеуметтік жаңғыруды

табысты жүзеге асыра алсақ елге жасаған ең үлкен сыйымыз осы болатынын баса айтты.

— Бүгінде біз іске асырып жатқан елімізді жүйелі түрде жаңғырту жұмысы адамдардың қоғамдағы, экономикадағы, мәдениеттегі мүмкіндіктерін ашуға бағытталған. Мемлекеттік жоспарлау мен басқару салаларындағы соңғы өзгерістер де осы мақсатты көздейді. Біз өңірлік деңгейдегі тендерлер мен келергілерді біртіндеп жомық. Өйткені бізге қуатты Тәуелсіз Қазақстанды құру үшін аймақтардың бәсекеге қабілетті болуы, әр ауыл мен қаланың тұрақты дамығаны керек», — деді Мемлекет басшысы.

Айтуына мереке кезінде атқарылатын шаралардың деген жастарға арналуы — Президент қойған басты талаптың бірі. Себебі елде не жасалса да, бәрін болашақ ұрпақ үшін жасалуы тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев ізімді басып келе жатқан бұуының азаматтық белсенділігі өте жоғары, жастардың құшлығы зор екенін айта келе, осы белсенділікті басылдырмай, оларды жаңа мақсаттарға жұмылдыру, әсіресе жұмыспен қамту қажеттігіне тоқталды. Осы мақсатта жергілікті

мемлекеттік органдарды бағалау көрсеткішіне «Жастардың даму индексі» қосылатынын жеткізді. Жүргізіліп жатқан жұмыстарды жүйелеу үшін әр бағыт бойынша бытыраңқы жүзеге асырылып жатқан жобаларды бір арнаға тоғыстыруды тапсырды. Ал оны дайындауда, одан соң талқылауға бүкіл жастар және студенттер ұйымдарын, азаматтық белсенділер мен тәуелсіз сарапшыларды тарту керек.

— Қазақстан — дарынды жастар мекені. Ертен еліміздің абыройын асыратын да осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент талантты жастарымыздың креативті экономика құрудағы рөлін маңыздылығына назар аударды. Өйткені креативті индустрия әлемдік экономикада ең жылдам дамып жатқан сегмент. Дамыған мемлекеттерде аталған сала ішкі жалпы өнімнің 10 пайызын құрайды. Осы ретте Мемлекет басшысы Үкіметке стратегиялық тұрғыдан маңызды саланы кешенді түрде дамыту жоспарын ойластыруды тапсырды.

Президенттің пікірінше, оның негізін қалаушы бөліктің бірі ғылым, мәдениет және заманауи шығармашылық салалары бойынша Ұлттық білім хабы болуы қажет. «Таланттар фабрикасы» іспетті бұл орталық еліміздің барлық өңірлеріндегі дарынды жастардың кәсіби мамандардан білім алып, олардың шеберлік сағаттарына қатысуға жол ашатын.

— Біз ел дамуына жас таланттарымыздың белсене араласуына баса назар аударуымыз керек. Олардың арқасында Отанымыз жеткен жетістіктерге қатысы бар екенін сезініп, табыстарын мақтан тұтуы керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

30 жылдық белестің мәнін халыққа түсіндіру, ақпараттық жұмысты дұрыс жүргізу де маңызды бағыттың бірі. Тәуелсіздік мерекесінің тұжырымдамасы «Жасампаздыққа толы жылдар» деп аталады. Сондықтан жасампаздық идеясы кенінен дәріптелуі қажет. Қасым-Жомарт Тоқаев мерекелеу барысында Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы Тұңғыш Президентіміздің тарихи рөлі ерекше аталып, Елбасы саясатының сабақтастығы барлық іс-шаралардың идеологиялық өзгерткіші болуы шарт екенін атап көрсетті.

— Тәуелсіздікті атап өткенде тәлімдік, тәрбиелік мәні бар ақпаратты ұсынып, жұртты тартатын жаңа стильді, жаңа форматты көбірек енгізу қажет. Әр жерде өткізілген іс-шаралар туралы құрғақ естігің қажетті жол. Елге өзгеріс әкелмесе, мыңдаған малдаққа толы мақалалардан еш қайыр болмайды», — деді Мемлекет басшысы.

АУЫС-ТҮЙІС



Маржан ӘКІМЖАНОВА
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі қызметіне тағайындалды



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның ректоры болып тағайындалды




Ерлан СЫДЫКОВ
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры болып қайта тағайындалды



Ринат ЗАЙТОВ
Алматыдағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры қызметіне тағайындалды

КӘСІПКЕРЛІК



ӨНІМ КӨЛЕМІ БІР ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТКІЗІЛМЕК

Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев өңірдің шағын бизнес иелері және жас кәсіпкерлермен таңысып, көкейінде жүрген мәселелерді бірлесе талқылау барысында мәлімдеді. Өңір басшысы несиелену алаңында кәсіпкерлерге көп қолдау болмайтын, әсіресе шағын бизнес иелеріне қолбайлау болып отырғанын жасырмады.

Ортаға салынған мәселелердің басым бөлігі қолжетімді несиелерді алу төңірегінде болды. Қағдарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «шағын және орта бизнеске қолдау көрсету ең басты назарда болуға тиіс» екендігін атап өтті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы шағын несиелердің көлемін ұлғайтып, халыққа берілген шағын несиелердің мөлшерін 6 пайыздан асырмауды тапсырды.

Шағын бизнесті қолдау мақсатында «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасына жаңа инструмент іске қосылып, тығарықтан шығар жол табылды. 5 млн. теңгеге дейін екі жылға кепілдіксіз несиелерге не үшін небаірі жарғы сағағ уақыт кетеді. Ол үшін жеке куәлік пен кәсіпкерлік құжаттың болуы жеткілікті.

— Бүгінгі кездесуіміздің басты себебі, осы жағдайы жаңалықты өздеріңізбен бөлісіп, жүзеге асырылу тегін нақты іс жүзінде көрсету болып отыр. Шағын, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері айналым қаражатын толықтыру үшін 5 млн. теңгеге дейін 6 пайыздық несиелері ешқандай кепілдіксіз алуға мүмкіндігі бар. Бұл қаржы инструменті аз уақыт ішінде бизнес үшін пәрменді қолдауға айналды. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, кәсіпкерлерге құлаққағыс жасағаны келеді.

Құрметті кәсіпкерлер! Бизнес үшін жасалынып жатқан қолдаулардың ауқымы Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың кәсіпкерлерді қолдау саясатының айқын дәлелі. Мемлекеттік қолдау шараларын барша түркістандықтарға жеткізіп, әрбір кәсіпкерді қолдаудан тыс қалдырмау — басты міндет. Сондықтан да, барлық кәсіпкерлерді осы іс-шараларға етене атсалысып, белсенді

қатысуға шақырамын», — деді облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев.

Түркістан облысы бойынша несиелер Халық Банкі, Банк ЦентрКредит, Сбербанк арқылы ұсынылууда. Небаірі соңғы бір айда 200 ең астам несиелер мақұлданып, 62 кәсіпкер қаржыландырылды. Айта кету керек, мемлекеттік қолдау шараларының кәсіпкерлер үшін қолжетімділігін арттыру, өңірдегі бизнес ахуалды жақсарту әкімдік әзіміміздің басты бағытының бірі болып саналады.

Есетті жылда «Қарашайым заттар экономикасы», «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламалары арқылы кәсіпкерлер 50,7 млрд. теңгеге жеңілдетілген 6%-дық несиелену қамтамасыз етілді. Өткен жылы өрішпен эпидемиялық ахуалға қарамастан Түркістан кәсіпкерлері белсенділік танытып, несиелердің көлемі 1,3 есе артты.

Облыс аумағында 140 605 шағын және орта кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Бұл еліміздегі ең үлкен көрсеткіштердің бірі. Соңғы 2,5 жылда олардың саны 14 мыңға өскен. Бұл салада 200 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Пандемияға қарамастан шағын және орта кәсіпкерліктің өнім көлемі 16%-ға артып (өсім бойынша Республикада 2 орын), 554,4 млрд. теңгеге (9 ай) жетті. 2021 жылда 1 трлн. теңгеге жеткізу жоспарланады.

Ескендір ЕРТАЙ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

СҰХБАТ



«ТҮЛҒАНЫ ТЕК ТҮЛҒАҒАНА ТӘРБИЕЛЕЙ АЛАДЫ»

Жастар қашанда кез келген қоғамның негізгі қозғалушы күші, жаңаруымен жаңғыруының, болашағының кепілі. Өркениет жолында елді өрге сүйрейтін де білім-ғылымға, жаңалық пен жақсылыққа, әділдік пен адалдыққа құштар жастар. Алматы — тәуелсіздіктің алтын бесігі, ұлттық білім-ғылымның орталығы, зиялы қауым қалың шоғырланған алып шаһар болумен бірге 700 мыңдай жалынды жастар тұратын өлеуеті зор қала. Олардың тиісті білім, өнегелі тәрбие алып, мемлекет мұқтажына қарай қажетті мамандық иеленуі — ұлттық даму тұрғысынан өте маңызды. Осы мәселе туралы директор, ҚР білім саласының құрметті қызметкері, «Nur Otan» партиясы Алматы қаласы Әуезов аудандық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Р. Ш. БӨЛЕКБАЕВА ханымымен азы-кем сұхбаттасқан едік.

3-бетте»